

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.1, Ч.3 - С.226-229

## **ГРАФИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҚТАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚИТУ (E-LEARNING) ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Төлбаев Ә.Ә.*

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандар даярлау – ЖОО-ның басты міндеті. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейінгі дамытудың стратегиялық жоспарының 136-тармағында: «Орта, техникалық, кәсіптік және жоғарғы оқу орындарында электрондық оқыту жүйесі (e-learning)» енгізілетін болады», - деп қарастырылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады [1].

Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында адамзаттық ресурстардың әлуетін арттыру мақсатында білім беруді түбегейлі жаңартудың басым бағыты болып электрондық оқыту аталған. Қазіргі кезде білім беру сласы дағдарысқа ұшырап тұр. Оның негізгі себептерінің бірі, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі оқыту жүйесімен қазіргі кредиттік оқыту жүйесі бір ізділік танытпауында. Ескі жүйеден жаңа жүйеге ауысу кезінде сабақтастық принциптері сақталмай қалған. Яғни, ескі жүйенің жақсы жақтарын қалпынша сақтап, жаңа жүйеге біртіндеп өту керек еді. Жаңа оқыту жүйесіне бірден өткендіктен қоғам саналы түрде дайын болмай шықты. Нәтижесінде білім саласы материалдық және моральдық жағынан дағдарысқа ұшырап қалды. Сол себепті, білім беру дағдарысының салдарын төмендету үшін, білім алушыларды білім берудің жаңа мәнеріне бағдарлау үшін және бүкіл ғұмыр бойы одан әрі оқыту үшін олардың біліктері мен машықтарын дамытатын e-learning технологиясы ең тиімді ретінде анықталды. Дамыған елдерде (Сингапур, Норвегия, және т.б.) e-learning-ті инновациялық іс-әрекеттің машықтарын дамытуға көмектесетін негізгі әдіс ретінде мемлекеттік деңгейде қарастырады. Көптеген жоғары оқу орнында электрондық оқыту құралдары пайдаланып келеді. Графикалық даярлықтағы электрондық білім беру ресурстары, оларды графикалық пәндер курсына іс жүзінде қолдануға алғышарт болып табылады:

сызба геометрия мен сызудан электрондық оқулықтар, білім беру порталына арналған сызба геометрия бойынша контент бар. Бірақ графикалық даярлауға арналған электрондық оқыту құралдары іс жүзінде болуы мен оларды қолдануға арналған ғылыми дәйектелген ұсыныстардың болмауы арасында қарама-қайшылық орын алып тұр.

Заман талабына сәйкес қазіргі кезде білім берудің барлық сатыларында инновациялық оқыту мәселесі туындады. Сонымен қатар, электрондық оқыту «дәстүрлі» оқыту әлеутін ескеріп жүзеге асу керек. Аралас оқыту — blended learning-ті пайдалану бірден екі оқыту түрінің артықшылықтарын алуға, оқытуға және білімді меңгеруге жүйелі-құрылымдық көзқарасты ендіруге мүмкіндік береді.

Графикалық даярлықтағы электрондық оқытуды ендіру мәселесін зерттеуге және олардың нәтижелерін тәжірибеге ендіру мұқтаждықты талап етеді. ҚР-нда қашықтықтан оқытуға деген сұраныс жылдан жылға арттып келеді, америкалық және еуропалық зерттеушілер барлық білім берудің 2/3 бөлігі қашықтықтан жүзеге асады деген ақпарат басымдылық танытады. Ол туралы Қазақстандағы Мәскеу бизнес-мектебі деректері айтады. Финляндияда, Ирландияда және Солтүстік Кореяда e-learning білім беруді жаңартудың және экономикалық өрлеудің негізгі құралы болып табылады. Оларда электрондық оқыту бойынша арнайы ұлттық бағдарламалар жүзеге асырылуда. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Австралияда, Жаңа Зеландияда, Канадада электрондық оқыту күнделікті өмір практикасы болып табылады.

Сонымен қатар білім берудің барлық сатысында, мектептен жоғары оқу орындарына дейін электрондық оқытудың теориясы мен практикасында шешімін қажет ететін *өзекті мәселелер бар*. Біртұтас, жалпы қабылданған, тұрақталған ұғымдық-санаттық аппарат жоқ, электрондық оқыту, ақпараттық білімдік орта және т.б. ұғымдардың анықтамаларында бірлік жоқ, электрондық білімдік өнімдердің көптеген топтамалары байқалады. Электрондық оқытудың педагогикалық әдіснамасын дайындау мәселесі ашық қалып отыр, сондықтан электрондық оқытуды жүзеге асырудың шынайы жолын анықтау және оның тұжырымдамасын дайындау қажет [2].

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі оқу үдерісін автоматтандыруды енгізудегі «білім беру ұйымдарының 90%-ы электрондық оқыту жүйесін қолданылады» мақсаттық индикаторға негізделген болып табылады.

Электрондық оқыту (e-learning) жүйесін білім саласына енгізудегі *басты мақсат* - білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үрдісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады

ЖОО білім беру жүйесінде графикалық даярлаудағы электрондық оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін түзу проблемасын ешкім қарастырмаған, сондықтан қарастырылатын мәселелер жаңа болып табылады, оларды шешу кәсіптік білім беру жүйесінде графикалық даярлау теориясы дамуына

көмектеседі, жоғары оқу орындары практикасында графикалық даярлау сапасының арттыруға ықпал етеді [3].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады [4].

Графикалық даярлықтағы электрондық оқыту (e-learning) жүйесі оқушылардың қабілеті мен танымдық қызығушылығын дамытады және өздігінен білім алу дағдысын қалыптастырады. Графикалық даярлықтағы электрондық оқыту жүйесі қазіргі білім берудің «өмір бойы білім алу» мен «баршаға ортақ білім беру» қағидаларына сәйкес оқушылардың жеке және ұжыммен жұмыс жасауына жағдай жасалуы тиіс.

Графикалық даярлықтағы электрондық оқыту (e-learning) жүйесінде желіде еркін таралатын оқу материалдары бар ашық білім беретін қорлары болады.

Жасалынған электрондық ақпараттық ресурстары және мультимедиялық білім жасақтамалары еркін аударылып, графикалық даярлықтағы электрондық оқыту жүйесінде Интернет арқылы қолданылуы керек.

Графикалық даярлықтағы электрондық оқыту (e-learning) жүйесі бойынша арнайы жабдықтаушылардың инварианттық және вариативтік сандық білім ресурстары құрылатын болады:

- сапалы білім нәтижелеріне жетуге бағдарланған;
- пәндік салалардың оқу бағдарламасы немесе бір немесе бірнеше нақты тақырыптар, бөлімдер бойынша білім беру үрдісінің субъектілерінің қолдайтын қызметтеріне негізделген;
- ғылыми нәтижелерді негізге ала отырып, зерттеушілік сипаттағы оқу модульдеріне бағытталған;
- арнайы энциклопедиялар;
- виртуальдық зертханалар немесе оның құбылыстарын зерттеуге негізделген модельдер;
- ақпараттық көздер жинақтары;
- күрделі интерактивтік оқу материалдары (мысалы, инженерлік және компьютерлік графика, инжиниринг негіздерімен компьютерлік графика және т.б.) [5].

ЖОО білім беру жүйесінде графикалық даярлауға арналған электрондық оқыту (E-LEARNING) ерекшеліктерінің ғылыми-әдістемелік аспектілерін айқындау үшін әдебиет көздерін талдау, тәжірибелік зерттеу әдістері, ал мәселенің теориялық-әдіснамалық аспектілерін айқындау үшін жүйелі көзқарас, салыстырмалы талдау, үдерісті модельдеу әдістері пайдаланылу керек.

Аталған тақырыптың ерекшеліктерін анықтаудың мәні мынада: ол ЖОО білім беру жүйесінде графикалық даярлау сапасын арттыруға ықпалын тигізеді, ал бұл жағдай бітірушілер біліктілігіне әсер етеді де, қорыта келгенде еліміздің зияткерлік әлеуетінің өсуіне, инженер мамандарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал жасайды.

Қорыта айтқанда, ЖОО жүйесінде графикалық даярлаудағы электрондық оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін түзу проблемасы мына мәселелерден тұрады:

- графикалық даярлықтағы электрондық оқыту (e-learning) түрлерін жүйелеу, графикалық даярлауға арналған электрондық оқыту құралдарын қолдану жағдайы және «дәстүрлі» оқытумен ұштастырып оқыту перспективаларын айқындау;

- кәсіптік білім беру жүйесінде графикалық даярлауға арналған электрондық оқыту тиімділігін қамтамасыз ету моделін түзу;

- ақпараттық коммуникациялық технологиялардың теріс әсерін азайтуға немесе жоюға жағдай тудырып отырып графикалық даярлау барысында электрондық оқыту әдістемесін негіздеу;

- зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындары білім беру іс-әрекетінде пайдалануға арналған практикалық ұсыныстар енгізу;

- графикалық даярлауға бекітілген бағдарламалар аясында оқу және оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеу.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Білім заңы. Алматы, 2010 ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы  
<[http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja\\_programma\\_razvitija\\_obrazovaniya](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja_programma_razvitija_obrazovaniya)
3. Электрондық оқытудың тұжырымдамасы: қазақстандық көзқарас – Алматы: «ҰАО» АҚ, 2011. – 87 б.
4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Основы инновационного обучения и гуманизация образования: синтез подходов. Материалы междунар. научно.-пр. конференции «Педагогическое образование: вызовы XXI века.- М.-Ярославль, 2011. - С.141-145
5. Якушина Е.В. Электронные образовательные ресурсы: актуальные вопросы и ответы // Народное образование.- 2012. - №1. - С.184-188